

4

Сахнадан
тараған сәуле

6

Әсіреқызыл
тез оңар

Сыр бойы

23 қараша, сенбі 2024 жыл



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

№180-181 (20854-20855)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ҮКІМЕТ

ЖЕДЕЛ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Кеше Үкімет басшысы Олжас Бектенов Украина төңірегіндегі жағдайға байланысты Мемлекет басшысының негізгі әскери және азаматтық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қабылдау туралы тапсырмаларын орындау бойынша бірқатар министрліктер басшылығымен жедел кеңес өткізді. Бұл туралы ҚР Үкіметі хабарлады.

Премьер-министр Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықовтың стратегиялық және инфрақұрылымдық объектілерді қорғауды қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәліметтерін тыңдап, мемлекеттік органдардың іс-қимылдарын күшейтуге бағытталған бірқатар міндеттер қойды. Тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау, көлік қатынасының қауіпсіздігі, денсаулық сақтау объектілерінің қызметі және басқа да мәселелерге назар аударылды.

Сондай-ақ кеше ҚР СІМ Ресми өкілі Айбек Смадияров Украинадағы жағдайға қатысты түсініктеме берді. Ведомствоның баспасөз қызметінің мәліметін «ҚазАқпарат» хабарлады.

Біздің Украинадағы Елшілігіміз штаттық режимде жұмыс істеп келеді. Сыртқы істер министрлігінде әлемдегі жағдайға мониторинг жасайтын арнайы Ахуалдық орталық бар. Біздің мәліметімізге сәйкес Киевтегі шетелдік дипломатиялық корпус өз жұмысын жалғастыруда және азаматтарын эвакуациялап жатқан жоқ. Қазақстандықтардан да эвакуациялау бойынша өтініштер түскен жоқ және қазіргі уақытта арнайы ұшақтарды жіберу жоспарда жоқ, – деді ол.

Айбек Смадияровтың айтуынша, Украинада соғыстың жалғасын жатқанына екі жылдан асты. Кетемін деген азаматтар елден шығып кеткен. Бірақ қазіргі есептеулер бойынша Украинада 300-ге жуық Қазақстан азаматы болуы мүмкін.

– Нақты санын айту қиынға соғады. Оған қарамастан, бірнеше күн бұрын біз Украинадағы қазақстандықтарға ел аумағынан кету туралы хабарлама жасадық. Қазақ дипломаттары өз жұмысын тиімді атқарып келеді, егер отандастарымыздан өтініш түскен жағдайда оларға барлық қажет көмекті көрсетеміз, – деді СІМ Ресми өкілі.

Айта кетейік, бұған дейін Мемлекет басшысы Украинадағы ахуалдың ушығуына байланысты еліміздегі тиісті құрылымдарға шұғыл шаралар қабылдауды тапсырған еді. Бұл туралы ҚР Президентінің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли мәлімдеген болатын.

«СБ» ақпарат

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман

2025 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ
ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге



/// САПАР

БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 78 ПАЙЫЗ Сырдария ауданында екі ауылға газ берілді



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың Сырдария ауданына сапарында А.Тоқмағанбетов, С.Сейфуллин ауылдарын газ желісіне қосу рәсімі өтті. Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.



Суреттерді түсірген Б.Есманов

– Бүгін Сырдария ауданының ынтымағы мен бірлігі жарасқан Сәкен Сейфуллин, Асқар Тоқмағанбетов атындағы ауылдары «көгілдір отынға» қосылуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде жетілдіру. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деп атап өтті.

Бүгінде өңір тұрғындарын газбен қамту көрсеткіші 75 пайыз, биыл 30 млрд теңгеден астам қаржыға 306 шақырым газ желілері тартылуда. Осы жобалардың арқасында аймақ халқының 78 пайызы «көгілдір отынмен» қамтылады. Келесі жылы 10-нан астам елді мекенді газдандыру жоспарланған. Осындай игілікті істер ауыл тіршілігінің тамырына қан жүгіртіп, халықтың әлауқатын арттыруға жол ашады.

Өткен жылы Сырдария ауданының бюджеті 12 млрд теңге болса, қазіргі таңда 16 млрд 108 млн теңгеге жетті, 33 пайызға өсім бар. Бұл қаржы аудан халқының өзекті мәселелерін шешуге бағытталуда.

Ауыл халқы от жағып, күл шығару бейнетінен арылып, шынайы қуанышқа бөленуде. «Көгілдір отыннан» тараған жылу барлық үйді бақыт пен шаттыққа кенелтсін! – деді облыс әкімі.

Іс-шарада ел ағалары Сұлтанбек Тәуіпбаев пен Әбдіғалпалар Әмірғалиев құттықтау лебіздерін жеткізіп, батасын берді. Ауылдың өсіп-өркендеуі жолында қажырлы қызмет еткен сала мамандары мен ардагерлерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Газ қосу рәсімінің кейін аймақ басшысы екі ауылдың тұрғындарымен кездесіп, атқарылған жұмыстар, алдағы бағыт-бағдар туралы айтты. Әсіресе, қолға алынған инфрақұрылымдық жобаларға, әр саладағы жанашырлықтарға тоқталды, кездесуге келушілердің ой-пікірлерін тыңдады.

ТАШКЕНТТЕГІ ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ЖИЫН

Өзбекстанның Ташкент қаласында Министрлер кабинеті жанындағы Күгін-сүргін құрбандарын еске алу мемлекеттік музейінің ұйымдастыруымен қоғам қайраткері, саяси тұлға, педагог-ағартушы Қоңырқожа Қожықовтың туғанына 145 жыл толуына арналған «Орталық Азиядағы жәдитшілік феномені: Тұлғалар мен тағдырлар» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Сыр өңірінен шыққан көрнекті тұлғаларды ұлықтауға арналған халықаралық жиынға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Р.Қаюпов бастаған, құрамында зиялы қауым өкілдері, профессор-ғалымдар, зерттеушілер, туған-туыстары және БАҚ өкілдері бар арнайы делегация қатысты. Сондай-ақ конференция қонақтары Самарқан қаласындағы мемлекеттік университеттің ұйымдастыруымен саяси қайраткер, зангер, шығыстанушы Сералы Лапинге арналған ғылыми-танымдық дөңгелек үстел жиынында бас қосты. Іс-шара аясында Қоңырқожа Қожықов пен Сералы Лапиннің шығармашылығы мен өмірін суреттейтін фотокөрме ұйымдастырылды.

Осы делегация құрамында болған өлке-танушы Жұмабай Байзақұлмен әңгімелесіп, келелі жиыннан алған әсері жайлы сыр тартқан едік.



4-бет

/// САРАП

БАЛАҢЫЗ ҚАНДАЙ АС ІШІП ЖҮР?



«Ас – адамның арқауы». Әсіресе балалардың денсаулығы мықты, шымыр болып өсуі үшін уақытылы әрі сапалы тамақтанудың маңызы зор. Бұл үшін ел мектептерінде асханалар жұмыс істейді. Мәселен, мөлдіреттерге сүйенсек, елдегі 1 млн 700 мың бала тегін тамақтанады. Бірақ 403 мектепте асхана жоқ, 196-сы тамақты тасымалдайды. 207-сінде буфет бар. Ал қалған 7500 мектепте асхана жұмыс істейді.

Жуырда Маңғыстау облысында бір мектепте улану фактісі жайлы ақпарат тарайды. «Бейнеу» ауылында 16 оқушы шағымданған. Кейінірек осы облыстың «Босшоқы» ауылында

460 оқушы уланғанын естідік. Желіде желдей ескен бұл ақпарат, улану оқиғасы мектеп асханаларына қатысты бұрыннан бар алаңдаушылықты ояты. Бұл жағдай маңғыстаулық

ата-аналарды ғана емес, бүкіл қазақстандықтарды алаңдатып қойды. Өйткені бір емес, 466 баланың астан улануы бұрынсоңды болмаған.

Осы орайда балаларға тамақ беретіндер қандай критериймен таңдалады? Ұсынатын ас-ауқаттың сапасын бақылау-қадағалау тетіктері қандай? Адам басына бөлінетін қаржы қаншалықты? Біз осындай сауалдарға жауап іздеп көрген едік.

«Бізді тексеруге келгенде «неге тамақ қалдығы көп?» деп сұрайды. Осыған байланысты өз ойымды айтайын. Біріншіден, біздің қазіргі қолданып жүрген ас мәзіріміз кеңестік кезеңнен қалған «мұра»...»

3-бет

Валюта бағамы \$ 494,87 kzt

€ 520,65 kzt

₸ 4,91 kzt

Ауа райы

+2° +5°

+2° +4°

ҚҰРМЕТ

ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒИБРАТТЫ ЖОЛЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, академик Құрманбек Бәкірұлы мен Ауыл шаруашылығы саласының үздігі Керімхан Егізбаевты мерейтойымен құттықтады.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының академигі, жетекші селекционер, Шиели ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Құрманбек Бәкірұлы 80 жасқа сала үздігі, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Керімхан Егізбайұлы 75 жасқа толып отыр. Аймақ басшысы осы саланың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан білікті мамандардың еңбегін ерекше атап өтті.

— Жуырда Астана қаласында өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында Президентіміз: «Қазір жа-

һандық азық-түлік нарығында бәсеке күшейіп келеді. Оған төтеп беру үшін ғылымды дамытуға баса мән беру керек. Соның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыру — стратегиялық міндеттің бірі» деген болатын. Бұл ретте, өңірдегі тұқым шаруашылығын дамытуға зор үлес қосқан Құрманбек Бәкірұлы мен Керімхан Егізбайұлының еңбегін ерекше атап өтуіміз қажет, — деді аймақ басшысы.

Құрманбек Бәкірұлы 1944 жылы Шиели ауданының Бала би ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтында білім алып, 1967 жылдан бері Ыбырай Жақаев атындағы

қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында еңбек етуде. Ғалым Қазақстанда бірінші болып күріш мутагенезімен айналысты. Осы әдіспен күріштің 130 түрін шығарды. Ақ күріштің бірнеше сортының, оның ішінде «Маржан» және ерте пісетін «Ару» сортының негізгі авторы атанды. 160-тан астам ғылыми еңбек жазды.

Қазіргі таңда Ресейдің ядролық зерттеулер институтымен бірлесіп күріштің тұзға, қуаңшылыққа төзімді формаларын алу бойынша жұмыс жасауда. Ол 1997 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік ғылыми стипендиясын иеленді.

Керімхан Егізбайұлы 1949 жылы Жаңақорған ауданы «Келінтөбе» ауылында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін, еңбек жолын 1977 жылы туған жерінде бастаған. 1994 жылдан бері «Агротехнология» ғылыми-өндірістік шаруашылығын құрып, ғылым мен өндірісті ұштастырып еңбек етіп келеді. Күріштің «Авангард» сортын, «Венгрия» жүгерісін, Польшадан шыққан гибридтерді, өзбектің ақ жүгерісін, жоңышканың жетісулық жергілікті сорттарын аудандастырып, егу тәсілін менгерді. Мұны дүние жүзінде бірінші болып ғылыми зерттеп, дәлелдеп, өндіріске енгізді. Қазіргі таңда бұл әдісті әлемдегі күріш егетін елдің барлығы пайдаланады.

Мал шаруашылығында америкалық «Санта-Гертрада» асылтұқымды ірі қараны алғаш рет облысқа жерсіндіріп, оның басын 400-ге жеткізді. Күріштің «Айкерім» және сортының авторы, күздік бидай, арпаның жаңа сорттарының қосымша авторы атанды.

Актив отырысында Құрманбек Бәкірұлына және Керімхан Егізбайұлына Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысты. Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Абзал Ералиев ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Фабиола Мейрман мерейтой иелерін құттықтады.

Аудан жаңалықтары



КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатов «Су жүйесі» мекемесіне барып, кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын жай-күйімен танысты.

Ол бірінші кезекші-диспетчерлік қызметтің маңызын атап өтті. Қала бойынша ауысу сапасын арттыру және кәріз жүйелерінің жұмысын жүйелендіру бағытында мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жалғасын табады. Айта кету керек, бүгінде кәсіпорын теңгерімінде 976,12 шақырым ауысу жүйесі, 11 II су көтеру насос станциясы, 112 ұңғыма, 6 дана су қысымын көтеру насосы станциясы және «Тасбөгет» кентінде бас су жинау кешені бар. Тұтынушыларға тәулігіне 74-78 мың текше метр ауысу өндіріліп таратылуда.

ТҰРҒЫНДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев «Жалғызбағым» және «Тастүбек» елді мекеніне барып, ауыл халқының тыныс-тіршілігімен танысты.

Алдымен «Сексеуіл» кентіне қарасты «Жалғызбағым» елді мекеніне барды. Ауылдағы бастауыш мектептің ауласында тұрғындармен жүздескен аудан басшысы өзекті мәселелерден хабардар екенін, оларды шешу жолдарын қарастыратынын айтты. Бастауыш мектепте бүгінде 21 бала білім алады. Ауылға алдағы уақытта мектеп салу мәселесі оң шешім таппақ.

«ҚЫС-2024» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТИ

Аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаевтың қатысуымен «Қыс-2024» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті.

Республикалық оқу-жаттығу қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін дайындау мақсатында ұйымдастырылуда. Аудан аумағында оқу-жаттығу 3 кезеңде өткізілді. Біріншісі — жылу беру орталығында орын алған авариялық жағдайды дер кезінде қалпына келтіру, екіншісі — ауа райының қолайсыздығынан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автотрассасында қалған жолаушыларды құтқару, апатқа ұшыраған адамды көлік ішінен шығарып, медициналық көмек беру, үшіншісі — мал бағын жүріп із-түссіз кеткен адамды іздеу. Осы шаралар бойынша азаматтық қорғау қызметтерінің дайындығы пысықталды.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚАДАҒАЛАНДЫ

Аудан әкімі Жандос Еркінбек елді мекендерге барып, құрылыс нысандарының жай-күйімен танысты.

Алдымен «Ақай» ауылында салынып жатқан денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын көрді. Нысан басында мердігер мекеменің басшысына құрылыс қарқынын жеделдету және сапаны арттыру жөнінде нақты тапсырма берді. Сонымен қатар, «Ш Интернационал» және «Жанажол» ауылдарында бой көтеріп жатқан денешынықтыру-сауықтыру кешендерінің жұмысын бақылап, ауыл әкімдеріне құрылыс барысын тұрақты қадағалауды жүктеді. Одан кейін «Жосалы» кентінде облыс әкімінің бастамасымен салынып жатқан тіптігі үлгідегі «Руханият орталығының» құрылыс алаңына барды.

АЛДАҒЫ ЖЫЛҒА ЖОСПАР КӨП

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов кент тұрғындарымен кездесті. Онда атқарылған жұмыстарға тоқталып, 2025 жылы жоспарланған ауқымды жобалармен таныстырды. Тұрғындар оң пікірлер мен ұсыныстар айтты.

Бүгінде Жалағаш аудандық ауруханасы мен емханасының орталықтандырылған кәріз жүйесінің құрылысына жобасметалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткен. Жоба құны 1 млрд 290 млн теңге, республикалық, облыстық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылды.

Бюджеттен қажетті қаржы бөлінсе, орталықтандырылған кәріз жүйесіне жақын орналасқан мекемелерді, тұрғын үйлерді қосуға мүмкіндік болады. Арнайы көліктермен жеке тұрғын үйлерден шығарылған кәріз суын төгетін орындар аталған жобада қарастырылған.

КОЛӨНЕР ШЕБЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Колөнер шеберлерінің аудандық фестивалі аясында Қазақстан Суретшілер және Журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы, колөнер шебері Жәнібек Маханбеттің «Аңыз негізі — ақиқат» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Іс-шарала аудан әкімі Берік Сәрменбаев өлкетанушының туындысы аудан тарихынан, осы топырақтан шыққан қайраткерлер туралы сыр шертетінін айтты.

Кітапта қайраткер тұлғалардың, батыр бабаларымыздың ел дамуы жолындағы еңбегі, қайраткерлігі баяндалған. Мұның бәрі — келешек ұрпақ білуі тиіс құндылықтар. Өлкетанушы тарихты түгендеп, кейінгі ұрпаққа шежірелі туындыны тарту етті.

Іс-шарала аудандық ардагерлер кенесінің төрағасы Мұса Келдібаев, «Құрмет» орденінің иегері, мәдениет саласының ардагері Алла Бақтиярова, еңбек ардагері Бәззүбек Жылқыбаев құттықтау лебіздерін жеткізді.

ЖАС СПОРТШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков халықаралық жарыстарда жүлделі орындарды иеленген аудан спортшыларын қабылдады.

Қабылдауда жас спортшыларды жарқын жеңістерімен құттықтап, құрмет көрсетті.

Айта кетсек, 10-13 қараша күндері Қазан қаласында өткен жасөспірімдер арасында белбеу күресінен Әлем біріншілігінде жерлесіміз Наурызбай Сәдібеков 71 кг салмақта күміс жүлдегер, 50 кг салмақта Бағдаулет Төлепов қола жүлдегер атанды. Сонымен қатар, 8-11 қараша күндері Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен ересектер арасында аралас ИММА жекпе-жектен Әлем чемпионатында жерлесіміз Абылай Шәкірбеков күміс жүлдегер атанды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛЕДІ

Аудан әкімі Мажит Самитов құрылысы жүріп жатқан бірқатар нысанды аралады.

Алдымен «Төменарық» ауылдық округіндегі 15 төсектік аурухана мен емхананың құрылыс алаңына барды. Медициналық мекеме құрылысы толығымен аяқталып, жуық арада ел игілігіне беріледі. Одан соң «Саяжай» шағын ауданында бой көтерген 600 орындық «Жайлы мектеп», «Ипподром» шағын ауданындағы 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» барды. Аталған әлеуметтік нысандар да жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Аудан әкімі тиісті сала басшыларына және мердігер мекемелерге жұмысты сапалы жүргізіп, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Дайындаған Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН

«ҚЫС-2024»

ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қыс-2024» республикалық штабтық оқу-жаттығуы өтті.

Жаттығудың республикалық штабы Көкшетау қаласында орналасқан.

Оқу-жаттығу осы жылдың 21-22 қарашасы аралығында азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің және халықтың қысқы кезеңде төтенше жағдайларды жоюға дайындығын, қабілетін арттыру, азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдарының төтенше жағдайға ден қою әзірлігін тексеру мақсатында өткізіледі.

Жалпы, мұнда командалық-штабтық жаттығулар, авариялық құтқару қызметтерінің және азаматтық қорғау құрылымдарының практикалық іс-қимылдары пысықталады. Саптық қарауға азаматтық қорғау, авариялық-құтқару қызметтерінен 49 техника, 119 қызметкер қатысса, оқу-жаттығу барысында электр сиреналары іске қосылып, құлақтандыру жүйесіне техникалық тексеру жүргізіледі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Биыл Қызылорда қаласындағы байырғы білім беру мекемесінің бірі С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-лицейінің құрылғанына 60 жыл толды. Айтулы датаға орай мектеп ұжымы ауқымды шаралар ұйымдастырып, барша түлектеріне сый-құрмет көрсетті.

КӘСІПКЕРДІҢ ІСІ КӨПКЕ ҮЛГІ

Осы мектептен түлеп ұшқан азаматтардың бірі — кәсіпкер-меценат, «УАД» ЖШС-ның директоры Мұрат Удербаев. Серіктестік директоры мектеп бітіргеннен биыл 50 жыл толуына орай өзі білім алған алтын ұяның аумағын көгалдандырып, абаттандыру ісін қолға алды.

Кеше аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, аталған білім беру мекемесіне барған Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Кәсіпкер,

«СБ» ақпарат

САЯЖАЙ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов қала іргесіндегі «Ягодка» және «Пищевик» саяжайларына барып, тұрғындармен кездесті.

Қала аумағындағы саяжайлардың жыл өткен сайын аумағы кеңейіп, тұрғындар саны артып келеді. Сол себепті ондағы түйткілдер назарға алынып, туындаған мәселелерді шешу үшін ауқымды істер атқарылуда. Кездесуде саяжайлықтар ұсыныс-тілектерін білдірді. Ең негізгілері — басты көшелерге тас төсеу, аялдама мен жарық бағаналарын орнату, сондай-ақ электр желісін жаңарту. Қоғамдық көліктердің жүріне кедергі келтіретін ағаштарды ретке келтіру керектігі де айтылды.

Тұрғындардың көтерген мәсе-

лесін тыңдаған Нұржан Сәбитұлы қажетті шаралар қолға алынатынын жеткізді. Осылайша жауапты сала басшыларына алдағы он күн ішінде қоғамдық көлік қатынастын негізгі көшенің бойына 3 аялдама, жарық бағаналарын орнатуды, жолға тас төсеуді тапсырды.

Бүгінде аумағы 92 гектар «Ягодка» мен «Пищевикте» 1200-ге жуық халық тұрады. Тұрғындарды қаламен байланыстыратын қоғамдық көліктер күнделікті қатынауда.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті. Онда бос жатқан және заңсыз пайдаланылған жерді игеру, қайтару мәселелері талқыланды. Жиында қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.



Қазіргі таңда қала аумағындағы пайдаланылмаған, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерлерге түгендеу жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері атқарылған жұмыстар нәтижесінде 34 кәсіпкерлік мақсатындағы жер учаскесі мен жер учаскелерін заңсыз иеленген 101 тұлғаға қатысты шара қолдану үшін тиісті құжаттар облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданған. Бұдан бөлек, пайдаланылмаған 866,4 гектар жер учаскесі мемлекетке қайтарылды.

Жиында қаралған маңызды мәселеге қатысты қала әкімі Нұржан Сәбитұлы жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ нысаналы мақсаты әртүрлі жерлерді игеру үшін жарияланатын конкурстарды тиянақты үйлестіруді міндеттеп, игерілмеген жер учаскелерін мемлекет қорына қайтару жұмыстарын ширатуды жүктеді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Облыста 290 мектепте 59 кәсіпкерлік субъектісі тамақтандыру бойынша қызмет көрсетеді (290 мектепте ыстық тамақ, 7-інде буфеттік құрғақ тамақ ұйымдастырылған). Тегін тамақтанатын бала саны – 89 572, оның ішінде 5-11 сынып аралығындағы әлеуметтік осал топқа жататын – 26 654, бастауыш сыныптарда 62 918 бала бар. Тамақтанатын бала саны 2,5% өссе, сәйкесінше қаржысы 8,7 млрд теңгеден 9 млрд теңгеге өскен. Биыл білім беру ұйымдарында бір реттік тамақ құны орта есеппен 580 теңгені құрайды.

Облыс бойынша ортақ ас мәзірі бекітілген, ас мәзірінің нормалары ҚР Үкіметінің №320 Қаулының №15 қосымшасына сәйкес жас ерекшелігіне қарай бөлінеді (6-10 жас 560 тг, 11-14

жас 578,4 тг, 15-18 жас 607,2 тг). Ал келер жылы білім беру ұйымдарында бір реттік тамақ құны орта есеппен 620 теңге деп жоспарланған (6-10 жас 588,1 тг, 11-14 жас 608,2 тг, 15-18 жас 663,6 тг). Білім беру асханаларында Қазақ тамақтану академиясының Ұлттық салауатты тағамтану орталығы ұсынған «Мектеп оқушыларының тағам рационы бойынша бірінші стандарттар» әдістемелік ұсынымдарына сәйкес перспективалық маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) төрт апталық мәзір жасалып, тағамдар беріледі. Асханасы жоқ 7 мектепте буфеттік тамақ ұйымдастырылған. Атап айтқанда, Арал ауданындағы асханасы жоқ 4 мектеп «Жалғызбағым», «Ақшатау», «Көнту» бастауыш мектептері, Тоқабай ауылындағы апатты жағдайдағы №248 мектеп, Шиели ауданында асханасы жоқ 3 мектеп №133, 151, «Жуантөбеде» тегін буфеттік тамақ ұйымдастырылған. Аталған мектептердегі бала саны – 196, оның ішінде буфеттік тамақпен қамтылғаны 163 оқушы. Биылдан бастап білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша конкурстық жұмыстарын облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы жүзеге асырады. Осы оқу жылында 204 білім беру ұйымында ыстық тамақ беру бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылып, 79 білім беру ұйымында келісім-шарт мерзімі ұзартылған. «Қызылорда облысы бойынша білім беру ұйымдарында асхана және тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топ құрамын бекіту туралы» бұйрығы, сараптамалық топ жұмысының биылғы іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 сараптамалық топ облыс аумағындағы 284 мектептің асханасы мен тамақтану сапасына оның ішінде бракераждық комиссияның жұмысына мониторинг

БАЛАҢЫЗ ҚАНДАЙ АС ІШІП ЖҮР?

Былтыр желтоқсан айынан бастап прокуратураның ұсынысымен 262 мектеп асханасы жоспардан тыс тексерумен қамтылып, бірқатар заң бұзушылықтар анықталды. Мәселен, күн сайын ас блогында аспаз нақты ас мәзіріне сәйкес дайын астың тәуліктік сынамасын 48 сағатқа толық қалдырмауы; санитариялық қағидалар талаптарына сай келмейтін материалдан дайындалған тағам турайтын тақтайшалардың пайдаланылуы; ас дайындайтын кастрюльдерге белгі соғылмауы; ас дайындау цехында қол кептіргіштің болмауы; күн сайын медицина немесе жауапты қызметкердің тез бұзылатын тағамдардың және дайын аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау (бракераж) журналына жазбаны талпақа сай толтырмауы; тоназытқыш жабдықтар мен азық-түлік қоймасында тағам өнімдерінің тауар орналасу тәртібінің сақталмауы сияқты бұзу-

летін тамақтың сапасын жақсы, ал 8%-ы өте жақсы деп бағалаған. 25 пайызы қанағаттанарлық десе, 10%-ы өте нашар деп жауап берген. 12%-ы «нақты жауабым жоқ» деген нұсқаны таңдаған.

Соның ішінде қала мектептеріндегі тамақ сапасы ата-аналарды әлдеқайда жиі алаңдататын көрінеді. Балалары қала мектебінде оқитын ата-аналардың 37%-ы ғана тамақ сапасын жақсы деп бағаласа, бұл көрсеткіш ауыл мектептерінде 60%. Қала мектебінің асханасында берілетін астың сапасын 17%-ы ата-ана «дәмсіз, нәрсіз» десе, ауылдық жердегі ата-аналардың тек 7% мектептегі тамақ сапасы «нашар» деп жауап берген.

Мектеп тамағына ата-аналардың көңілі толмауының негізгі себептері:

Бірінші, мәзірдің бірқалыптылығы, 33% қатысушы мәзірде әртүрлі асты таңдау мүмкіндігі жоқ, үнемі біркелкі деп санайды;

ақ Қазақ тамақтану академиясымен бірлесіп мектеп мәзірін жақсарту жөнінде ұсыныстар жасап, Оқу-ағарту министрлігіне жолдайды.

Жалпы әлеуметтік мониторинг



Кәсіпкердің айтуынша, ірі қалаларда бала басына 800 теңгеден жоғары келеді. Сонымен қатар Астанада бала басына берілетін қаржыдан бөлек, коммуналдық шығындар мен тасымалға қосымша қаржы қаралады екен. Ал бізде ондай қаржы қаралмаған. Сондықтан кәсіпкер ыстық тамақтан бөлек буфетке бөліш, самса сияқты үн өнімдерін пісіріп сатып, қосымша қаржы табады.

грамнан кем болмауы керек. Кішкентай алма берсеніз балалар келіп тұрады, «апай, менің алмам кішкентай, аның алмасы үлкен» деп. Стандарт алма жоқ. Сондықтан орташа 130-160 грамм көлемде алуға тырысамыз. Мысалы, бесінші күні йогурт берсек, қасында сорпасы, наны, сусыны болуы керек. Жемісті аптасына екі рет береміз. Сонда есептей беріңіз, – дейді Раушан Тілеубайқызы.

Кәсіпкердің айтуынша, ірі қалаларда бала басына 800 теңгеден жоғары келеді. Сонымен қатар Астанада бала басына берілетін қаржыдан бөлек, коммуналдық шығындар мен тасымалға қосымша қаржы қаралады екен. Ал бізде ондай қаржы қаралмаған. Сондықтан кәсіпкер ыстық тамақтан бөлек буфетке бөліш, самса сияқты үн өнімдерін пісіріп сатып, қосымша қаржы табады. Ол жұмысшылардың айлығына, коммуналдық шығындарға кетеді екен.

Коммуналдық шығындар, салық бар күн көруіміз керек ғой. Сондықтан буфетке үн өнімдерін қойып сатамыз. Онда да күніне 1000-1500 ғана пісіреміз. Құрал-жабдықтар керек болады. Мысалы, бір асхананы жабдықтауға орташа есеппен 40-50 млн теңге жұмсалды. Сөйтіп жүргенде бізге жақсы ат жоқ. Бізде жұмыс істейтін әйелдердің көбі – көпбалалы ана. Сол аналардың баласы да осы тамақты ішеді. Қазір біздің тексерушілер көп. Партиялардан, қузыры орындардан бөлек, қоғамдық қорлар да көп екен. Әйтеуір ерінбегеннің бәрі бізді тексеруге құмар. Бірақ біздің ұсыныс-пікірімізге құлақ асып жатқан ешкім жоқ, мына ақшаны қалай жеткізіп жүрсің деп ешкім сұрамайды. Қыр-қүйектен бері 4-5 рет келді тексерушілер. Бәрі бізден ең жақсыны талап етеді. Буфетте сатқан өнімдерімізге де «майлы, балаларға болмайды» деп сын айтып жатады. Сондықтан майға қуырылғаннан гөрі пешке пісірілетін тағам түрін көп шығаруға тырысамыз. Ал шын мәнінде сол балалар қай жерде, қандай адам істегені белгісіз дүкеннің бәліштері мен самсаларын алып жейді. Оның пайында біздің өнімдеріміз әлдеқайда жайдалы. Өйткені бізде санитарлық талаптар сақталды, – дейді кәсіпкер.

Раушан Тілеубайқызының баз-біреулердің «асханада тамақ қалдықтары көп қалады» деген сыни пікіріне қатысты да өз айтары бар.

«Бізді тексеруге келгенде «неге тамақ қалдығы көп?» деп сұрайды. Осыған байланысты өз ойымын айтайын. Біріншіден, біздің қазіргі қолданатын жүрген ас мәзіріміз кеңестік кезеңнен қалған «мұра». Қазіргі балалардың тамақ жеуі қиын. Оны үйдегі балаларымыздан да білемін. Оның үстіне қапуста, сәбіз, қызылша деген секілді шөп-шаламдарды жемейді. Одан бөлек, бізге балалардың асқазанына ауыр болмас үшін әрі балалар арасында семіздіктің алдын алу үшін асылған, бұқтырылған тамақтар беру міндеттелген. Қазір жасыратыны жоқ, көп отбасының жейтіні макарон. Оны тағы майға қуырамыз. Отбасында сондай тамақты тұтынып қалған балаға асылған, бұқтырылған асты сүйсініп жеу қиын. Екіншіден, балалардың тамақ ішу уақыты өте аз. Мысалы, 10 минут ғана беріледі. Ол уақытта бала алдындағы тамағын тәуелті ішіп үлгермейді. Жана ас мәзірі туралы айттым ғой. Меніңше ас мәзіріне ұлттық тағамдарды қосу керек. Біз қазір тамақты тауық пен сиыр етінен жасаймыз. Ал сиыр етінен холестерин бар. Тауық еті жеңіл әріне, оны беруге болады. Бірақ неге қой сорпасын бермеске? Неге жылқы етін пайдаланбаймыз? Неге құрт, ірімшік қоспаймыз? Неге ең құрығанда аптасына бір ыстық бауырсақ жегізбейміз? «Майды жолатпандар, балаға беруге болмайды» дейді, бірақ тонмаймен пісірген бауырсақтың пайдасы мол екенін ескермейміз, айналып келіп борщ береміз. Бірінші тамақты қоспасақ тағы болмайды, ал тек екінші тамақ беруге ақшамыз көтермейді, – дейді кәсіпкер.

Біз барғанда бір сыныптың балалары тамақ ішіп отыр екен. Амаңдық-саулықтан соң «тамақ ұнай ма?» деп сұрадық. Жапа тармағай «ұнайды» десті.

Бұл – 4 «ә» сыныбы. 12-де келуіміз керек еді, БЖБ жазып үлгермей қалдық. Сыныпта 22 оқушы бар. Күнде өзін алып келіп, тамақ ішіп болғанша қарап тұрамын да сыныпқа қайта алып кетемін. Балалар мұнда асығып келеді, тамақтарын жақсы жейді, – дейді сынып жетекшісі Самал Ахметова.

Баланың қандай ас ішіп жүр?

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Нұрбол НҰРЖАУБАЙ



Коллаж К. Сұлтанбаев

шылықтар анықталды. Ол бойынша 166 әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырылып, айыппұл салынды, – дейді облыстық СЭБД басшысының орынбасары Ерлан Ұзақбаев.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету, тағамнан уланудың алдын алу мақсатында облыстық білім, денсаулық сақтау басқармалары мен білім саласында сапаны қамтамасыз

Екінші, азық-түліктің балғындығы, ата-аналардың 27%-ы тамақ балғындығына қатысты проблема бар деп есептейді;

Үшінші, порция мөлшері: 22%-ы порция аз деген нұсқаны таңдаған.

Байқағанымыздай, бала есейген сайын мектеп тамағына көңілі толмайтын ата-аналардың саны да артады. Бұл, ең алдымен, порция мөлшеріне қатысты. 1-4 сынып оқушылары ата-аналарының 17%-ы, 5-11 сынып оқушылары ата-аналарының 31%-ы порция мөлшеріне көңілі толмай отыр. Бұл бала өсе келе мектептегі тамаққа тоймайды не қанағаттанбайды дегенді білдіре ме әлде басқалық себебі бар ма?

Сараптауларға жүргінсек, бала есейген сайын мектеп асханасында сирек тамақтанатын тәртізді. Мәселен, бастауыш сыныптағы балалардың 95%-дан астамы күн сайын мектепте тамақтанса, орта буында бұл көрсеткіш 63%-ды, жоғары сыныпқа көшкенде шамамен 59%-ды құрайды екен.

Біздің әлеуметтік мониторингке қатысып, сауалдарға жауап берген әрбір үшінші ата-ана (35%-дан астамы) мектеп асханасына қоғамдық бақылау орнатуға әзір. Бұл, әрине, мектептердегі тамақ сапасын түзеуге мүмкіндік беретін жайт. Біздің қоғамдық қор елдің барлық өңіріндегі мектеп асханаларын тексеріп жүр, бұл істі жалғастыра да береді. Қор үш тараптың, яғни ата-ана, мектеп әкімшілігі мен жергілікті жауапты органдардың жұмысын үйлестіруге де ниетті, – дейді «Әділдік және өркендеу» қоғамдық қорының директоры Дана Рысмұхамедова.



Әлеуметтік мониторинг нәтижесі бойынша, ата-аналардың пікірі мен ұсыныстарын талдай отырып, «Әділдік және өркендеу» қоғамдық қоры мектептегі тамақтану сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Сондай-ақ Қазақ тамақтану академиясымен бірлесіп мектеп мәзірін жақсарту жөнінде ұсыныстар жасап, Оқу-ағарту министрлігіне жолдайды.

Бұл мониторинг мемлекеттік мектептердегі тамақ сапасына қатысты мәселе барын көрсетеді. Өйткені мониторингке қатысушылардың 55 пайызынан астамы бала денсаулығына мектептегі тамақтың тікелей әсері бар деп санайды.

Әлеуметтік мониторинг нәтижесі бойынша ата-аналардың пікірі мен ұсыныстарын талдай отырып, «Әділдік және өркендеу» қоғамдық қоры мектептегі тамақтану сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Сондай-

жүргізді. Сараптамалық топтың құрамында білім, денсаулық сақтау басқармасының мамандары, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың облыстағы өкілдігі, «Аманат» партиясы, ҚР Бала құқықтары жөніндегі өкілі, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері қатыстырылған – дейді облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Шолпан Жүнісова.

Сондай-ақ облыстық білім, денсаулық сақтау басқармаларының, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бірлескен бұйрығы негізінде асхананың санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы зерделеніп, қорытындысында білім беру ұйымдарының басшылары мен жауапты мамандарына оқыту семинары өткізілген.

САПА БАҚЫЛАУДА, БІРАҚ...

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметінің басым бағыттарының бірі – балалар денсаулығын нығайту, оқу-тәрбие жағдайын және жалпы білім беру мекемелерінде ыстық тамақты ұйымдастыру сапасын қадағалау.

Департаменттің аумақтық басқармалар мәліметіне сәйкес бақылауда 332 жалпы білім беретін мектеп бар, оның 292-сі мемлекеттік және 40 жеке мектеп. Оның 98%-ында асхана қаралған, 7 мектепте жоғарыда айтып өткеніміздей, буфеттік тамақ ұйымдастырылған. Облыстағы жалпы 291 мемлекеттік мектептің асхана, буфетін 60 жеке кәсіпкер жалға алып жұмыс істеуде.

1-бет

САРАПТАУЛАР НЕ ДЕЙДІ?

«Әділдік және өркендеу» қоғамдық қоры әлеуметтік мониторингтің қорытындысын жариялады. Қоғамдық қор мәліметінше, мемлекеттік мектептерде оқитын балалардың ата-аналарының тек 53%-ы ғана мектептегі тамақтану сапасына көңіл толады. Ал ата-аналардың 20%-дан астамы берілетін тамақ порциясы тым аз деп санайды.

Мемлекеттік мектептердегі тамақ сапасына қатысты жүргізілген әлеуметтік мониторингтің қорытындысы осыны көрсетіп отыр. Аталған қоғамдық қордың 14 қазан - 14 қараша аралығында жүргізілген сауалнамасына елдің әрбір аймағынан 10 мың ата-ана қатысып, жауап берген.

Нақтырақ айтқанда, ата-аналардың 45%-ы мектеп асханаларында бері-

